Біз Сіздің және Сіздің жайлылығыңыздың қамын ойлаймыз, сонымен қатар біздің тұрмыстық техникамызды пайдаланғаннан Сіз алған рахат туралы ойлаймыз, сондықтан оның қызмет ету мерзімін Сіз үшін ұзаққа созуға мүмкіндік беретін күтім жасау бойынша толық ұсыныстарды қоса береміз.

Буландырғыш пен оның негізгі бөлшектеріне күтім жасау бойынша ұсыныстарды сақтамау оның жұмысының сапасына әсер етуі, және сондай-ақ қызмет етудің мәлімделген мерзімінен немесе кепілдікті кезеңнен бұрын істен шығуына әкелуі мүмкін.



**Ұялы телефон жиынтыққа кірмейді*

МАЗМҰНЫ

Жалпы ақпарат	**35**
Пайдалану саласы	**35**
Жиынтықтама	**35**
Бөлшектерге шолу және атаулары	**36**
Аспапты басқару панелі	**37**
Тік буландырғышты құрастыру	**38**
Жұмысқа дайындық	**41**
Суды таңдау	**41**
Резервуарды суға толтыру	**42**
Аспапты пайдалану	**43**
Аксессуарлар	**45**
Пайдаланудан кейінгі ұсынымдар	**46**
WIFI қосылуын баптау	**47**
NFC көмегімен қосылу	47
IOS және Android операциялық жүйесі бар мобильді аспаптар үшін	48
WIFI қосылуына қатысты мәселелер мен оларды жою тәсілдердің сипаттамасы	**53**
Тазалау және күтім	**54**
Егер Сізде мәселе туындаса	**56**
Сақтау және тасымалдау	**57**
Кәдеге жарату жөніндегі талаптар	**57**
буландырғышпен жұмыс істеу кездегі сақтық шаралары	**58**
Электрлік тұрмыстық техникамен жұмыс істеген кездегі қауіпсіздік жөніндегі жалпы нұсқаулар	**59**
Техникалық сипаттамалары	**61**
Сертификаттау туралы ақпарат	**61**
Кепілді міндеттемелер	**62**

ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Осы пайдалану жөніндегі нұсқаулық POLARIS тік буландырғышының, **PGS 2250VA X-Steam PRO WIFI IQ Home** моделінің **(б**ұдан әрі мәтін бойынша – аспап, буландырғыш) техникалық деректерімен, аспабымен, пайдалану және сақтау ережелерімен танысуға арналған.

ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫ

- Аспап осы Нұсқаулыққа сәйкес тек қана тұрмыстық пайдалануға арналған. Аспап өнеркәсіптік және коммерциялық пайдалануға арналмаған.
- Өндіруші қате пайдалану немесе осы Пайдалану нұсқаулығында көзделмеген мақсатта нәтижесінде туындаған шығын үшін жауапкершілік алмайды.
- Буландырғышты маталардың кез келген типтері үшін және киімдегі бүкпелерді жазу үшін арналған. Егер матаның немесе киімнің белгілі бір типі үшін буландырғышты пайдалану жөнінде күмәнданатын болсаңыз, бұйымдағы заттаңбаның деректерін басшылыққа алыңыз. Егер мұндай ақпарат жоқ болса, матаны ішкі жағынан бумен жібітіп көріңіз.
- Жібек немесе шибарқыт сияқты маталарды буландырғанда, буландырғышты бұйымнан біраз қашықтықта ұстаңыз

ЖИЫНТЫҚТАМА


1.	Аспап	1 дана.
2.	Аксессуарлар:	
	▪ қолғап	1 дана.
3.	Пайдалану жөніндегі нұсқаулық	1 дана.
4.	Кепілдік талоны	1 дана.



ЕСКЕРТПЕ. Суреттер мен иллюстрациялар таныстыру мақсаттарында келтірілген және бұйымның нақты сыртқы көрінісінен ерекшеленуі мүмкін.

Бұйым конструкциясы және техникалық сипаттамалары алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

БӨЛШЕКТЕРГЕ ШОЛУ ЖӘНЕ АТАУЛАРЫ




АСПАПТЫ БАСҚАРУ ПАНЕЛІ

Аспаптың басқару панели бу қуатын таңдаудың сенсорлық түймелерінен (бұдан әрі - датчик, түйме), қосу/өшіру түймесінен, жұмыс индикаторларынан, WIFI-день тұрады.



Үтікті басқару түймелері




ТІК БУЛАНДЫРҒЫШТЫ ҚҰРАСТЫРУ

- Үтіктеу тақтасының жоғарғы және төменгі бөліктерін шерткенше тығыз жалғаңыз.
- Телескоптық тіректерді тіреуішке/негізге орнатыңыз. Ол үшін телескоптық штангалардың төменгі фиксаторларын ашып, оларды негізге орнат және фиксаторлармен бекіт.
- Телескоптық штангалардың жоғарғы бекіткіштерін босатып, жиналған үтіктеу тақтайшасын штангаларға салып, бекіткіштерді қысыңыз.
- Үтіктеу тақтасының үстіне жұмсақ қорғаныс қаптамасын кигізіп, оны тақтаның астынан резеңкемен бекітіңіз.
- Үтіктің ұстағышын оң жаққа немесе сол жаққа (өзіңе ыңғайлы) орнатып, үтікті ұстағышқа орналастыр.


НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: үтік ұстағыштың шығарылатын кронштейні тақтаның ұясында бұрылмайды. Үтіктің ұстағышының өзін ғана бұруға болады. Ұстағышқа зақым келтірмеу үшін оны жинау және пайдалану кезінде мұқият болыңыз.


- Үтіктеу тақтасының биіктігін өзгерту үшін ортаңғы бекіткіштерді босатып, телескоптық тіректерді жоғары қарай тартыңыз. Тіректерді керек биіктікте бекітіңіз. Аспапты пайдаланбас бұрын барлық ашық бекіткіштерді қысыңыз.
- Үтіктеу тақтасының жағдайын өзгерту үшін бекіткіштің дөңгелек тұтқасын бұрап, тақтаны еңкейтіңіз, содан кейін бекіткішті қайта бұраңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: буландырғыштың корпусының құрылымдық элементтерін зақымдамау үшін аспапты жинағанда/бөлшектегенде артық күш салмаңыз.



Үтіктеу конструкциясын құрастыру кезінде элементтердің орналасу сұлбасы





Осы Нұсқаулықтағы барлық иллюстрациялар схемалық болып табылады. Суреттердегі элементтердің арақатынасы шынайы нысандардың масштабында бейнеленуі мүмкін емес, тек аспаппен жұмыс істеу принциптерінің бейнелі көрінісін көрсетеді. Техниканың сыртқы түрі, сәндік панельдердің түстері немесе элементтердің болуы Сіз сатып алған нақты аспаптан ерекшеленуі мүмкін.

Үтікті сақтау нұсқалары







ЖҰМЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ

- Бүкіл қаптау материалды алып тастаңыз.
- Буландырғыштың корпусын аздап дымқыл матамен сүртіңіз, содан кейін оны құрғатып сүртіп алыңыз.
- Аспапты алғашқы рет пайдаланар алдында, жұмыс беті жеткілікті таза екендігіне көз жеткізу үшін, ең алдымен матаның сынамалық қиығын булап көріңіз.



Корпустан барлық жапсырмаларды шешіп алыңыз және ылғал матамен сүртіп алыңыз



Алғашқы пайдаланар алдында – сынамалы матаның қиығын үтіктеңіз

Назар аударыңыз!
Жаңа аспаптың резервуарында судың болымсыз мөлшері болуы мүмкін. Бұл Сіздің аспабыңыз өндірушімен қосымша тексерілген дегенді білдіреді.

СУДЫ ТАҢДАУ

Құрамында кермектілік тұздары аз алдын ала сүзілген суды пайдалану ұсынылады.



Қаттылығы жоғары сүзгіленбеген суды қолдану Anti Calc аспабы мен сүзгісінің қызмет ету мерзімін қысқартады.

Суға крахмал, хош иістендіргіштер, қақтан тазартатын құралдар және өзге де ерітінділер қосуға жол берілмейді.



ТЕК ТАЗА СУДЫ ПАЙДАЛАНЫҢЫЗ

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Хош иістендіргіштерді, кептіргіш машинаның суын, жаңбыр суын, сірке суын, лимон қышқылын, су диспенсерінің суын, үтіктеуге арналған крахмалдарды, тұзды немесе басқа да химиялық заттарды қолданбаңыз.
Сұйықтықтардың бұл түрлерін өндіруші сынап көрді және бұл өнімге жарамсыз, тіпті оның зақымдалуына әкелуі мүмкін.


РЕЗЕРВУАРДЫ СУҒА ТОЛТЫРУ

Суға арналған резервуарды шешіп алар алдында құрылғы электр желісінен ажыратылғанына көз жеткізіңіз.

- Суға арналған резервуарды шығару үшін, оның тұтқасынан ұстап, аспаптың корпусынан өзіңізге қарай тартыңыз.
- Резервуарға MAX белгісінен аспай су құйыңыз (қандай су құюға болатынын осы Нұсқаулықтың "Суды таңдау" бөлімінен қараңыз).
- Резервуардың кем дегенде 0,5 литрге толтырылғанына және су деңгейінің максималды белгісінен аспайтынына көз жеткізіңіз.
- Резервуарды аспаптың корпусына орнатыңыз. Алдымен оның төменгі бөлігін, содан кейін шерткенше жоғарғы бөлігін.



Суға арналған резервуарды шығару үшін оның тұтқасынан ұстап, өзіңізге қарай тартыңыз




Резервуарға суды MAX белгісінен асырмай құйыңыз



Резервуарды сырт еткізіп аспапқа орнатыңыз

АСПАПТЫ ПАЙДАЛАНУ

- Құрылғымен жұмыс істегенде, буландырғыш табанын еденде орнықты жайғасуына (бумен жібіткіш тегіс көлденең бетте орнатылуы керек) кедергі жасайтын кез келген заттарды еденнен алып тастау қажет.
- Үтіктің ұстағышта тұрғанына және бөгде заттармен жанаспағанына көз жеткізіңіз.
- Қуат айырын розеткаға кіргізіңіз. ҚОСУ/ӨШІРУ түймесін басыңыз, аспап қыза бастайды.
    - қызыл жыпылықтайтын индикатор – қыздыру жүріп жатыр.
    - көк индикатор – аспап жұмысқа дайын.
- Резервуарға су құйыңыз.
- Бірінші қосу кезінде "су жетіспеушілігі" индикациясы/сенсоры жануы мүмкін. Осы индикаторды басыңыз, насос AntiCalc сүзгісін және ішкі бойлерді толтыра бастайды. Бұл біраз уақытты алады.
- Қажетті бу мөлшері таңдалған мата түрине байланысты аспапта немесе үтіктің тұтқасында бу беруін таңдау түймелерінің көмегімен берілуі мүмкін.
- Егер буды максималды беру режимі таңдалған болса, аспаптың қызуы шамамен 65 секундқа созылады.
- Үтіктегі қызу индикаторы жыпылықтауды тоқтатып, үздіксіз жанғанша күтіңіз.
- Таза киімдерді ілгіштің иықтарына іліп, содан кейін оны тақтай ілгіштің ұстағышына іліңіз.
- Үтікті сабынан ұстаңыз. Бұл ретте буды үлестіру тесіктері Сізден қарама-қарсы жаққа бағытталғанын қадағалаңыз.
- Бу беру түймесіна басыңыз және жоғарыдан төмен / төменнен жоғары қарай тік қозғалыстарды орындай отырып, бүріккішті матаға абайлап тигізіп, бумен жібітуді бастаңыз. Бу, бүктелістерді жазып, матаның сыртқы және ішкі бетімен өтетін болады. Алдын ала қолғапты киіп, матаны бос қолыңызбен жазып отырыңыз.
- Аспапты үтіктің тұтқасынан ажырату үшін ҚОСУ/ӨШІРУ түймесін ~2 секунд басып тұрыңыз



Таза киімді киім ілгішке іліп қойыңыз. Қуат айырын розеткаға кіргізіңіз



ҚОСУ/ӨШІРУ түймесін басыңыз. Индикатор жанады



Будың қалаулы мөлшері түймелердің көмегімен белгіленеді




Түймелерді пайдаланыңыз

Назар аударыңыз! Алынбалы резервуардың астында аз мөлшерде судың (конденсаттың) пайда болуы бу генераторының жұмыс ерекшеліктеріне байланысты. Бұл құбылыс қалыпты жағдай болып табылады және өндірістік ақауды білдірмейді.



Индикатор тұрақты жанып тұр – аспап жұмысқа дайын



Құрылғы буды шамамен 65 секундтан кейін шығарады



Буландырғышты адамдар мен жануарларға бағыттамаңыз

- Резервуарда су тапшылығы байқалса, индикатор жанады 
- "Қалдықтан тазарту" және "Сүзгіні ауыстыру" индикаторлары іске қосылған кезде декальцинация жүргізу және сүзгіні ауыстыру қажет (осы Нұсқаулықтың "тазалау және күту" бөлімін қараңыз).

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: іске қосу/бос тұрудан кейін алғашқы шығарылған буда бірнеше тамшы су болуы мүмкін, бұл буландырғыштың осы моделінің құрылымдық ерекшелігі болып табылады. Мата ылғал дақтардың пайда болуына жол бермеу үшін бумен жібітер алдында өңделетін матадан кері жақ бағытқа будың сынамалы берілуін жасап көріңіз.

ЕСКЕРТПЕ: Құрылғының үзіліссіз жұмыс істеуінің уақыты 40 минут құрайды. Резервуарға су құю үшін құрылғыны өшіріп, қуат көзінен ажырату ұсынылады.



Буландырғыштың қозғалыстары жоғарыдан-төмен/төменнен-жоғары қарай болады




Бу өткізгіштің иіліуіне жол бермеңіз



Жұмыс кезінде бу өткізгіште “бүлкілдеу” естілуі мүмкін

Қауіпсіз жұмысты қамтамасыз ету үшін бұл құрылғы буды шығаратын кіріктірілген сақтандырғыш клапанмен жабдықталған. Пайдаланудың белгілі бір жағдайларында қауіпсіздікті сақтау мақсатында сақтандырғыш клапан қысқа уақытқа аз мөлшерде бу шығаруы мүмкін. Бұл – артық қысымнан қорғау жүйесінің қалыпты әрекеті және ақау болып саналмайды..



Үзіліссіз жұмыс істеу уақыты ≈ 40 мин.



Аспапты ҚОСУ/ӨШІРУ түймелерімен сөндіріңіз



Аспапты түгі биік кілемдердің үстіне қоймаңыз!



Резервуардағы су жетіспеушілігі. Резервуарды шешіп алып, толтыра су құйыңыз

АКСЕССУАРЛАР

Жылудан қорғайтын қолғап



Киім затын ұстайтын қолыңызға қолғап киіңіз. Қолғап қолды булау кезінде қорғайды.

Expert Board PRO үтіктеу тақтасы



Егер бұйымда күрделі жерлер (жаға, қалталар, манжеттер, ілгектер, түймелер арасындағы мата немесе сәндік тастар) болса, онда үтіктеу тақтасын пайдаланып, үтікпен күрделі жерлерді тегістеңіз.

ПАЙДАЛАНУДАН КЕЙІНГІ ҰСЫНЫМДАР

- Буландырғышпен жұмыс аяқталғаннан кейін, аспаптың басқару панеліндегі ҚОСУ/ӨШІРУ түймесін басу арқылы оны өшіріңіз, содан кейін аспапты желіден ажыратыңыз.
- Аспапты жылжыту үшін аспаптың табанындағы ыңғайлы дөңгелекшелерді пайдаланыңыз.
- Құрылғымен жұмыс істеп болған соң, үтікті ұстағышқа іліп, бу құбырын тік күйде бекітіңіз.
- **Сақтау үшін буландырғышты әрбір тазалау алдында резервуардан және аспаптың бойлерінен суды ағызу тесігі арқылы төгу қажет.**

Назар аударыңыз! Буландырғышты қуат баусымынан немесе бу өткізгішінен ұстап, тасымалдауға тыйым салынады.



Аспапты сөндіріңіз, ҚОСУ/ӨШІРУ түймесін басыңыз



Бу тұтқасын ұстағышқа іліңіз




Суға арналған резервуарды алып шығу үшін оны тұтқадан ұстаңыз және жоғары қарай тартыңыз



Резервуардан суды ағызыңыз



Буландырғышты қуат баусымынан немесе бу өткізгішінен ұстап, тасымалдамаңыз!



Аспапты жылжыту үшін аспап негізіндегі ыңғайлы дөңгелектерді пайдаланыңыз

WIFI ҚОСЫЛУЫН БАПТАУ

Мобильді құрылғы түріне байланысты **App Store, Google Play, App Gallery және RuStore**-ден жүктеп алуға болатын "POLARIS IQ HOME" тегін мобильді қолданбасын жүктеп, мобильді құрылғыңызға (**IOS** немесе **Android** платформасында жұмыс істейтін смартфон немесе планшет) орнатыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Байланысты орнатудан бұрын телефоныңыздың үйдегі қолжетімді WIFI желісіне қосылғанына көз жеткізіңіз.

Үйдегі WIFI желісі болмаған жағдайда, үй желісін құру (роутерді орнату және интернетті қосу) үшін, мамандырылған компанияға жүгініңіз. Үйдегі желінің роутері 2,4 ГГц жиілікте жұмыс істеу керек, **желі режимі 802.11 b/g/n орнатылған болуы керек**.

NFC қосылыстың көмегімен қосылу

NFC модулімен смартфондардың соңғы үлгілері жабдықталған, ол арнайы баптаулар мен белсендіруді қажет етпейді – телефонды басқа құрылғыға жақындату жеткілікті.

Жұмыс тәртібі:

1. «POLARIS IQ HOME» қолданбасын орнатыңыз.
2. Өз смартфоныңызды басқару тақтасының сол жағындағы «NFC» стикеріне смартфоныңызды жақындатыңыз.
3. Смартфон экранында *Push-хабарландыру шығады, оған көшіңіз, келесі экранда смартфонды конфигурациялағыңыз келген желіні таңдап, сізге осы желінің құпиясөзін енгізу қажет болады.

   ***ЕГЕР PUSH-ХАБАРЛАМА КӨРІНБЕСЕ:**
   a) Телефонның құлпын ашыңыз
   b) Құрылғы мен смартфон арасындағы жұптасуға ештеңе кедергі келтірмейтініне көз жеткізіңіз (қалың қаптама, карталар және т.б.)
   c) Телефонды сенсордың жанында әртүрлі бұрыштармен жылжытып көріңіз.


   IOS операциялық жүйесі бар смартфон үшін "Құрылғыларды қосу" арқылы да қосылуға болады, содан кейін "NFC" таңдаңыз, содан кейін смартфонды конфигурациялағыңыз келетін желіні таңдап, осы желінің құпия сөзін енгізіңіз.

3. Содан кейін қосылуды растау керек, ол үшін смартфоныңызды аспап панеліндегі "NFC" стикеріне тағы бір рет жақындатыңыз.
4. Дайын, аспап қосылды!


аспап қосылған болса, осы аспапқа басқа смартфонды қосу үшін оны жай ғана NFC датчигіне жақындатыңыз, бұдан кейін қосылу автоматты түрде орындалады.

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ЖҮЙЕСІ БАР МОБИЛЬДІ АСПАПТАР ҮШІН
iOS және Android


- «Үй» экраны: «Құрылғыны қосу» түймесін басыңыз.
- "Барлық құрылғылар" тізімінен буландырғышты (PGS-2250VA) таңдаңыз.
- «Жалғастыру» басыңыз.
- Қосымшада "PGS-2250VA" WIFI желісіне қосылу сұранысы пайда болады, "Қосылу" түймесін басыңыз.
- Келесі экранда сізден Құрылғымен түйістіруді жүргізуді сұрайтын болады:
    1. Құрылғыны қосыңыз. Басқару панеліндегі "ҚОСУ/ӨШІРУ" түймесін бір дыбысқа дейін басып тұрыңыз. Дисплейдегі растау ретінде WIFI индикаторы жыпылықтай бастайды.
    2. Содан кейін қолданбасында «Жалғастыру» түймесін басыңыз.
- Аспапты баптағыңыз келген WiFi желісінің атауы мен құпиясөзін көрсетіңіз және «Қосу» басыңыз.
- Конфигурация рәсімі аяқталғанын күтіңіз.
- «Жалғастыру» басыңыз.




«Үй» экраны: «Құрылғыны қосу» түймесін басыңыз




Тізімнен таңдаңыз PGS-2250VA




Қосымшада WIFI PGS-2250VA желісіне қосылу сұранысы пайда болады




ҚОСУ/ӨШІРУ түймесін басып тұрыңыз



Қолданбада «Жалғастыру» түймесін басыңыз



Құрылғыны баптағыңыз келген WiFi желісінің атауы мен құпиясөзін көрсетіңіз және «Қосу» басыңыз




«Жалғастыру» түймесін басыңыз

БҰРЫН КОНФИГУРАЦИЯЛАНҒАН АСПАПТЫ ТҮЙІСТІРУ:


- «Үй» экраны: «Құрылғыны қосу» түймесін басыңыз.
- "Сізге жақын" тізімінде аспапты (PGS-2250VA) таңдаңыз (Егер аспап желіде болмаса, аспап конфигурацияланған WIFI желісіне қосылғаныңызға көз жеткізіңіз).
- Келесі экранда сізден Құрылғымен түйістіруді жүргізуді сұрайтын болады:
    1. Құрылғыны қосыңыз. Басқару панеліндегі "ҚОСУ/ӨШІРУ" түймесін бір дыбысқа дейін басып тұрыңыз. Дисплейдегі растау ретінде WIFI индикаторы жыпылықтай бастайды.
    2. Содан кейін қолданбасында «Жалғастыру» түймесін басыңыз.

АСПАПТЫ БАСҚА WIFI ЖЕЛІГЕ ҚАЙТА КОНФИГУРАЦИЯЛАУ


- Құрылғыны қосыңыз. Басқару панеліндегі "ҚОСУ/ӨШІРУ" түймесін екі дыбысқа дейін басып тұрыңыз. 10 секунд күтіңіз, дисплейдегі WIFI индикаторы растау ретінде баяу жыпылықтай бастайды.
- «Үй» экраны: «Құрылғыны қосу» түймешігін басыңыз.
- "Барлық аспаптар" тізімінен аспапты (PGS-2250VA) таңдаңыз.
- Телефондағы WIFI баптауларды ашу үшін «Баптауларды ашу» түймесін басыңыз
- Қосымшада "PGS-2250VA" WIFI желісіне қосылу туралы сұраныс пайда болады. "Қосылу" түймесін басыңыз.
- Келесі экранда сізден Құрылғымен түйістіруді жүргізуді сұрайтын болады:
    1. Бір дыбыс шыққанша ҚОСУ/ӨШІРУ түймесін басып тұрыңыз. Дисплейдегі растау ретінде WIFI индикаторы жыпылықтай бастайды.
    2. Содан кейін қосымшада «Жалғастыру» түймесін басыңыз
- Ашылған экранда қалаған әрекетті таңдаңыз: "Конфигурацияны қалдыру және жалғастыру" - бұндай жағдайда телефон ағымдағы WiFi желісіне конфигурацияланған күйі қалады, бірақ сіздің телефоныңыз оны ғаламтор желісі арқылы басқара алады, немесе "Құрылғыны қайта конфигурациялау" - мұндай жағдайда Сізге құрылғыны жаңа WiFi желісіне конфигурациялау ұсынылатын болады.
- Егер Сіз «Аспапты қайта конфигурациялауды» таңдаған болсаңыз: Аспапты баптағыңыз келетін WIFI желісінің атауы мен құпиясөзін енгізіп, «Қосу» түймесін басыңыз.
- Конфигурация рәсімі аяқталғанын күтіңіз.




ҚОСУ/ӨШІРУ түймесін басып тұрыңыз




«Үй» экраны: «Құрылғыны қосу» түймесін басыңыз




Тізімнен таңдаңыз PGS-2250VA




Қосымшада WIFI PGS-2250VA желісіне қосылу сұранысы пайда болады



ҚОСУ/ӨШІРУ түймесін басып тұрыңыз



Қолданбада «Жалғастыру» түймесін басыңыз



Қалаулы іс-әрекетті таңдаңыз: «Конфигурацияны қалдыру және жалғастыру», немесе «Құрылғыны қайта конфигурациялау»

ЗАУЫТТЫҚ ОРНАТЫМДАРҒА ҚОСЫЛУДЫ ҚАЙТАРУ

- 3 дыбыстық сигналға дейін "ҚОСУ/ӨШІРУ" түймесін басып тұрыңыз.
- Растау ретінде дисплейдегі WIFI индикаторы өшеді.



ҚАШЫҚТЫҚТАН БАСҚАРУ РЕЖИМДЕРДІҢ СИПАТТАМАСЫ



1. Табанның нақты температурасын градуспен көрсету;
2. Қыздыру индикациясы;
3. Бу берудің қарқындылығын таңдау
    - Минималды
    - Орташа
    - Максималды

Қосымша функциялар:

1. Әртүрлі мата түрлерін үтіктеу бойынша ұсыныстары бар "Кеңестер" бөлімі;
2. Дыбыссыз режим – құрылғыда дыбысты қосу және өшіру.
3. Балалардан қорғау – құрылғы дисплейінен басқаруды бұғаттау. Құрылғыдағы барлық түймелер бұғатталады және оларды басқан кезде ешқандай Функциональные орындамайды.

«БАПТАУЛАР» МӘЗІРІ

1. "Шығындық материалдар" – сүзгіні тазалауға және әкті қабатты жоюға дейінгі қалған уақытты есептегіштер. Белгілі бір уақыт өткеннен кейін қолданба тиісті хабарлама береді. Есептегіштерді арылту үшін «Шығын материалдар» мәзіріне өтіп, қажетті есептегіштің астындағы «Ауыстыру» түймесін басу қажет.

2. Аспапқа қолжетімділік құқықтарын бақылау: құқықтарды бақылауды іске қосу үшін Сіз қолданбадағы аспап бетіне өтіп, жоғарғы оң жақ бұрыштағы параметр таңбасын («жұлдызша») басып, «Құқықтарды басқару» тармағын таңдап, «Құқықтарды басқаруды қосу» ажыратқышын «Қосылған» күйге ауыстыру керексіз. Осыдан кейін Сіз автоматты түрде оған толық қолжетімділік құқығы бар құрылғы әкімшісі боласыз, барлық басқа пайдаланушылар «Қарап шығу» кіру деңгейіне ие болады.

    Сіз әр пайдаланушы үшін дербес кіру деңгейін анықтай аласыз. Сіз басқару функциясын іске қосқаннан кейін аспапқа қосылатын барлық жаңа пайдаланушылар «Қарап шығу» кіру деңгейіне ие болады және аспапты Сіз немесе аспаптың басқа әкімшісі осы пайдаланушыға тиісті басқару құқығын бергенге дейін басқара алмайды.

3. Құрылғымен бөлісу мүмкіндігі: Сіз өзіңіздің құрылғыңызды басқаруды Polaris IQ Home қолданбасы орнатылған кез келген адаммен жай ғана бөлісе аласыз. Бұл үшін Сізге қолданбадағы аспап бетіне кіріп, оң жақ жоғарғы бұрыштағы баптау символына («жұлдызша») басу, «Құқықтарды бақылау» тармағын таңдау және оң жақ жоғарғы бұрыштағы «Бөлісу» символына басу қажет. Содан кейін Сіз экранда осы құрылғының QR кодын көресіз.

   Қабылдайтын тарап осы QR кодты сканерлеуі үшін, ол қолданбаның негізгі экранында «Жаңа құрылғы» түймесін басу керек және шыққан терезеде оң жақ жоғарғы бұрыштағы сканер пиктограммасына басу қажет. Содан кейін телефон камерасын жіберетін тарап ұсынған QR кодқа бағыттау қажет және жүйе берген сыбырларды орындау керек.

   QR-кодты кез келген ыңғайлы тәсілмен беруге болады: пошта, мессенджерлер, әлеуметтік желілер. Аспаптың QR-коды аспапта Reset режимі іске қосылғанға дейін өзгеріссіз қалады. Reset-тен кейін ескі QR коды енді әрекет етпейді.

4. Қосылу күйін мониторингтеу: аспап баптауларында тиісті түймені басып, желінің барлық учаскелеріндегі қосылу сапасын бағалауға және ұсыныстар алу мен қосымша баптаулар жүргізуге арналған әмбебап көмекшіні іске қосуға болады.

5. Қолдау қызметімен байланыс: «Бейін/Қолдау/кері байланысқа» өтіп, өзіңіздің хабарламаңызды қалдыру қажет.

WIFI ҚОСЫЛУЫНА ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ОЛАРДЫ ЖОЮ ТӘСІЛДЕРДІҢ СИПАТТАМАСЫ

Мәселе	Себеп	Жою тәсілі
Құрылғы WIFI роутерге қосыла алмайды	Қосу процесінде іркіліс орын алады	a) Сіздің аспабыңыз қолданбада қолданылатынына көз жеткізіңіз: қолданбаның басты мәзірінде «аспапны қосу» түймесін басыңыз және «Барлық аспаптар» тізімін ашыңыз; b) Роутеріңіздің 2,4 МГц жиілікте, 802.11 b/g/n желісі режимінде жұмыс істеп тұрғанына, желі атауында орыс әріптері мен қызметтік таңбалардың (%;/? және т.б.) жоқтығына көз жеткізіңіз. Роутерді баптау үшін сіздің роутеріңіздің нұсқаулығын қараңыз; c) Роутеріңіздің кіріс қосылыстарына қосымша шектеулер қоймағанына көз жеткізіңіз (мысалы, тек көрсетілген MAC-мекенжайларды қосу). Роутерді баптау үшін роутеріңіздің нұсқаулығын қараңыз. d) Сізде бағдарламаның соңғы нұсқасы орнатылғанына көз жеткізіңіз; e) Бірінші рет қосылғанда, телефоныңызда VPN және орнатылған болса, жарнаманы бұғаттаушыларды өшіріңіз. Егер сізде Iphone болса, баптаулар/Bluetooth мәзіріне кіріп, триггерді "өшірілген" күйіне ауыстырыңыз. Мұны экранда созылатын "пердеде" емес, баптауларда жасау маңызды. Қосқаннан кейін барлық аталған бағдарламалар мен режимдерді қайта іске қосуға болады.
		f) Бағдарламаны телефон жадынан жүктеңіз және тағы бір рет іске қосыңыз: телефондағы ашық қолданбалардың тізімін ашыңыз және Polaris IQHome бағдарламасының іске қосылған терезесін жоғары қарай жылжытыңыз, содан кейін бағдарламаны қайталап іске қосыңыз және қосу процесін қайталаңыз; g) Қолданбаға сұрағанбарлық рұқсаттарды беру керек. h) Аспапты диагностикалау режимін қосыңыз – Тұтынушы нұсқаулығындағы «Қосуды баптау» тарауын қараңыз; i) Аспап баптауларын жоюды жүргізіңіз (Reset) - Тұтынушы нұсқаулығындағы «Қосуды баптау» тарауын қараңыз;
Құрылғы WIFI роутерге қосыла алмайды	Қосылу сәтті орындалған, аспап қолданбадағы аспаптар тізімінде көрсетілді, алайда оны басқару қолжетімсіз.	Сіздің телефоныңыз WiFi желісіне кері қайта қосылуды орындағанына көз жеткізіңіз. Бұл үшін телефонның WiFi баптаулары тарауын ашыңыз және қажеттілік болғанда, өз WiFi желіңізге қолмен қосылыңыз.
	Аспап іске сәтті қосылған, алайда қолданбадағы пәрмендерге әрекет етуін кенет тоқтатқан.	Аспаптың бетіне кіріңіз және оң жақ жоғарғы бөлігіндегі жұлдызшаға басыңыз. Содан кейін «Қосылысты диагностикалау» тараудағы диагностикалау диаграммасымен танысыңыз. Желінің қызыл түсті учаскенің қасындағы леп белгісіне басыңыз және интерактивті көмекшінің нұсқауларын қолданыңыз.
Аспап панеліндегі түймелерді басуға аспап әрекет етпейді	Кездейсоқ басудан қорғау функциясы іске қосылған («балалардан қорғау»)	Қорғанысты қолданбада, немесе аспаптың панелінен ажыратыңыз

Өзіңіздің мәселеңіздің шешімін таппадыңыз ба?

Қосымша ақпаратпен танысыңыз немесе сайтымыздағы «Ақылды үй» бөлімінде немесе қолданбадағы «Профиль/Көмек (қолдау)» мәзірінен қолдау қызметіне хабарласыңыз.

ТАЗАЛУ ЖӘНЕ КҮТІМ

- Бу щеткасын шешіп, дымқыл шүберекпен сүртіңіз.
- Дөрекі немесе абразивті тазартқыштарды немесе еріткіштерді қолданбаңыз.
- Үтікті суға немесе басқа сұйықтықтарға батырмаңыз.
- Оны түсіріп алмаңыз, тастамаңыз.
- Аспапты әрбір пайдаланғаннан кейін суға арналған резервуарды босату ұсынылады.
- Электр аспабын ылғалды жерлерде сақтаудан аулақ болыңыз.
- Аспапты жылу көзіне жақындатпаңыз және күн сәулесінің электр аспабы мен суға арналған резервуарға тікелей түсуіне жол бермеңіз.
- Әрқашан бу шығатын тесіктердің таза, ластанбаған және бітелмеген болуын қадағалаңыз.
- Үтікті тік қалпында сақтау ұсынылады.



Қақтан тазарту



Аспаптың қызмет ету мерзімін ұзарту үшін пайдаланудың екі-үш циклынан кейін өздігінен тазалануды үнемі жүргізіңіз. Сондай-ақ, "Calc-clean" жыпылықтайтын индикаторы тазалау жүргізу қажеттігін білдіреді.
Бұл аспап қақтан қорғау сүзгісін тазалау және ауыстыру қажеттілігі туралы еске салу функцияларымен жабдықталған.

- Аспап шамамен 10 сағат жұмыс істегеннен кейін "Қалдықтан тазарту" индикаторы жанады. Бұл ретте аспап қыздыруын тоқтатады.
- Аспап толық суығанша күте тұрыңыз (кемінде бір сағат). Аспаптың артқы жағында, төменгі жағында орналасқан ағызу тығынын бұраңыз. Ішкі бойлерден қақ бөлшектері бар судың қалдығын төгіңіз (егер кермектілік тұздары аз су пайдаланылса, онда қақ бөлшектері аз болуы мүмкін).
- Егер қазандықтан суды ағызған кезде көп мөлшерде қақ жиналғанын байқасаңыз, қазандықты таза сумен толтырып, шайқап, суды ағызыңыз. Қазандықтан қақ бөлшектері шықпайынша, осы процесті қайталаңыз.
- Осыдан кейін ағызу тығынын жабыңыз.
- Индикаторды қалпына келтіру үшін «Қақтан тазарту» сенсорын/индикаторын 3 секунд басып тұрыңыз.
- Барлығы 36 сағат жұмыс істегеннен кейін индикатор жанып, қаққа қарсы сүзгіні ауыстыру қажеттілігін көрсетеді.
- Қақтауға қарсы сүзгіні ауыстырыңыз және жұмыс есептегішті қалпына келтіру үшін осы көрсеткішті басыңыз.

Тұнбадан қорғау сүзгісін ауыстыру



Осы индикатор жанған кезде, қақтан қорғайтын сүзгіні жаңасына ауыстыру керек.

Бұл сүзгі, құйылатын судың қаттылық деңгейін бірнеше бірлікке төмендетеді, бұл бойлерде және үтіктің табанында қақтың пайда болуын азайтуға ықпал етеді.

Сүзгіні ауыстыру үшін суға арналған резервуарды шешіп, сүзгінің тұтқасын тартып, оны аспаптың ойығынан шығарып алыңыз. Оның орнына жаңа сүзгіні орнатыңыз. Суға арналған резервуарды қайта орнатыңыз.

Егер сіз үнемі қаттылық тұздары аз суды қолдансаңыз, онда бұл сүзгіні өзгертпеуге рұқсат етіледі. Сүзгіні ауыстырмай, жоғарыда сипатталған "Сүзгіні ауыстыру туралы еске салу" көрсеткішін мезгіл-мезгіл қалпына келтіріңіз.



Ескертпе ретінде! Егер қақтан қорғайтын сүзгі дұрыс орнатылмаған болса, құрылғы бу шығармауы мүмкін.

Сүзгіні ауыстырған кезде бөлікке бірнеше тамшы су түсуі мүмкін – бұл рұқсат етілген және қауіпсіз. Қолданылған сүзгіні тұрмыстық қалдықтармен бірге кәдеге жаратуға болады.

ЕГЕР СІЗДЕ МӘСЕЛЕ ТУЫНДАСА

Егер қандай болса да болымсыз мәселе туындайтын болса, әдетте оның пайда болуының себебі табылғанда, ол оңай шешілуі мүмкін.

Ақаулық	Ықтимал себептері	Жою тәсілдері
Бу жоқ	• Құрылғы іске қосылмаған • Бу түтігі қатты иілген	• Құрылғы электр қуат желісіне дұрыс қосылғанына көз жеткізіңіз. • Бу өткізгіші бүгілмегеніне және сынбағанына көз жеткізіңіз. Бу түтігін тегістеп жазыңыз.
Будың әлсіз берілуі	• Суға арналған резервуар бос	• Құрылғыны сөндіріңіз және резервуарға су құйыңыз. Бумен жібітуді жалғастыру үшін құрылғыны іске қосыңыз
Жұмыс кезінде аспап гүілдейді	• Сорғы ішкі бойлерді толтырады.	• Аспапта резервуардан бойлерге су беру сорғысы орнатылған. Сорғының жұмысы өзіне тән дыбыспен сүйемелденеді. Бұл қалыпты жағдай.
Үтіктің тесіктерінен су ағады	• Бу өткізгіште конденсат жиналып қалған	• Іске қосу/бос тұрудан кейін алғашқы шығарылған буда бірнеше тамшы су болуы мүмкін. Жібітер алдында бу түтігінен конденсаттың қалдықтарын кетіру үшін будың киімнен кері жаққа берілуін қосыңыз.
"Су тапшылығы" индикаторы жанып тұр	• Суға арналған резервуардағы су таусылды	• Суға арналған резервуарға MAX белгісінен аспай су құйыңыз
"Қалдықтан тазарту" және "Сүзгіні ауыстыру" индикаторы жанып тұр		Декальцинация жүргізу және/немесе сүзгіні ауыстыру қажет (осы Нұсқаулықтың "Тазалау және күтім" бөлімін қараңыз).

Сіздің аспапты пайдалану кезінде өрттің, электрлік токпен зақымдану немесе жарақат алу қаупінің, сонымен қатар оның сынуының алдын алу үшін осы аспаппен жұмыс кезіндегі сақтықтың негізгі шараларын, сонымен қатар электрлік тұрмыстық техникамен жұмыс кезіндегі қауіпсіздік бойынша жалпы нұсқауларды сақтаңыз.

Назар аударыңыз! Егер Сіз жоғарыда сипатталған қадамдар көмегімен мәселені өз күшіңізбен шеше алмасаңыз, POLARIS авторландырылған сервистік орталығына хабарласуды сұраймыз.

САҚТАУ ЖӘНЕ ТАСЫМАЛДАУ

Сақтау

- Буландырғышты сақтауға әр орналастырар алдында төкпе тесік арқылы суға арналған резервуардан және бойлерден суды ағызу қажет.
- Буландырғышты тік жайғасымда, жазылған бу өткізгішпен құрғақ, салқын үй-жайда сақтаңыз.
- Электр аспаптары қоршаған ауаның температурасы плюс 40ºС-ден аспайтын, салыстырмалы ылғалдылығы 70%-дан аспайтын және қоршаған ортада электр аспаптар материалдарына теріс әсер ететін шаң, қышқылды және басқа да булар болмайтын жабық құрғақ және таза үй-жайда сақталады.

Тасымалдау

Электр аспаптарды нақты түрдегі көлікте қолданылатын жүктерді тасымалдау ережелеріне сәйкес көліктің барлық түрлерімен тасымалдайды. Аспапты тасымалдағанда, зауыттық түпнұсқа қаптаманы пайдаланыңыз

Аспаптардың тасымалдануы оларға атмосфералық жауын-шашын мен жегі орталардың тікелей әсер ету мүмкіндігін болдырмауы тиіс.

Сіздің аспапты пайдалану кезінде өрттің, электрлік токпен зақымдану немесе жарақат алу қаупінің, сонымен қатар оның сынуының алдын алу үшін осы аспаппен жұмыс кезіндегі сақтықтың негізгі шараларын, сонымен қатар электрлік тұрмыстық техникамен жұмыс кезіндегі қауіпсіздік бойынша жалпы нұсқауларды сақтаңыз.

КӘДЕГЕ ЖАРАТУ ЖӨНІНДЕГІ ТАЛАПТАР

Ескертпе: Электр құралының пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін оны әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамай, ресми жинау пунктіне кәдеге жаратуға жіберіңіз. Осылайша Сіз қоршаған ортаны сақтауға көмектесесіз.

Бұйымдарды кәдеге жарату кезінде пайда болатын қалдықтар белгіленген тәртіппен және Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің және қолданыстағы санитарлық нормалар мен қағидалардың талаптарына сәйкес кейіннен кәдеге жаратыла отырып, міндетті түрде жиналуға жатады.

БУЛАНДЫРҒЫШПЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ КЕЗІНДЕГІ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

- Буландырғышты үшайыр арқылы басқа электр аспаптармен бірге қосуға тыйым салынады.
- Электр тоғымен зақымдануға жол бермеу үшін, баусымды, штепсельдік айырды, аспапты суға немесе басқа сұйықтықтарға батырмаңыз.
- Буландырғышты тазалар алдында немесе резервуарға су құяр немесе одан суды төгер алдында, сонымен қатар Сіз құрылғыны пайдаланбасаңыз ылғи желіден ажыратып қойыңыз.
- Желіге қосылған буландырғышты қадағалаусыз қалдырмаңыз. Сіз үй-жайдан шыққаныңызда, тіпті, үй-жайды өте қысқа мерзімге шығатын болсаңыз, буландырғышты желіден ажыратыңыз.
- Балалрды бумен тазартқышқа жақындатпаңыз, өйткені будың теріге түсуі қатты күйік тудыруы мүмкін.
- Буландырғыштың жұмыс істеу барысында бу өткізгіші 60 және одан да жоғары температураға дейін қызады, күйіп қалмау үшін бу шығатын шүмекті өзіңізден қарай бағыттап, бүріккішті тек тұтқасынан ұстаңыз.
- Будың шығуына арналған тесіктерді жаппаңыз және оларға бөгде заттарды салмаңыз
- **Адамға кигізілген киімді ешқашан буландырмаңыз.**
- Буландырғышты жұмыс істеп тұрған плитаның немесе электрмен қыздырылатын басқа аспаптардың жанында пайдаланбаңыз.
- Аспапты тігінен тегіс, ылғалға төзімді бетке орнатыңыз, оны көлденеңінен қоймаңыз және төңкермеңіз.
- Тек қана жиынтыққа кіретін саптамаларды пайдаланыңыз.
- **Аспапты сусыз іске қоспаңыз. Құрылғыны резервуарда су біткеннен кейін бірден сөндіріңіз.**
- Буландырғышты адамдарға, жануарларға, өсімдіктерге, сонымен қатар жиһазға, электр аспаптарға, кітаптар мен ыстық бумен зақымдануы мүмкін болатын кез келген заттарға бағаттамаңыз.
- Желілік баусымның ыстық заттармен түйісуіне жол бермеңіз.
- Буландырғышты тазалау, сақтау немесе суға арналған резервуарды толтырған кезде электр желісінен ажыратып отырыңыз.
- Ақаулы буландырғышты пайдаланбаңыз. Бұзылған жағдайда жөндеу жүргізу үшін уәкілетті сервистік орталыққа жүгініңіз.
- Біліксіз жөндеу жазатайым оқиғаның немесе пайдаланушының зақымдануының себебіне айналуы мүмкін.
- Суға арналған резервуарға газдалған суды, парфюмерлік және басқа қоспаларды құймаңыз.



Назар аударыңыз! Аспапты қаптау алдында, аспапты тік күйінде толық салқындатып алыңыз.

ҚАУІПСІЗДІК БОЙЫНША ЖАЛПЫ НҰСҚАУЛАР ЖҰМЫС ІСТЕУ КЕЗДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ЖӨНІНДЕГІ ЖАЛПЫ НҰСҚАУЛАР

- Аспапты пайдалану «Тұтынушылардың электр қондырғыларды техникалық пайдалану ережелеріне» сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Аспап тек тұрмыста пайдалануға арналған. Құралды коммерциялық мақсатта ұзақ уақыт пайдалану оның шамадан тыс жүктелуіне әкелуі мүмкін, соның нәтижесінде ол зақымдануы мүмкін немесе адамдардың денсаулығына зиян келтіруі мүмкін.
- Осы аспапты пайдалануды бастар алдында пайдалану жөніндегі нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз.
- Аспап нұсқаулыққа сәйкес мақсаты бойынша ғана пайдаланылуы тиіс.
- Егер Сіз аспаптың жұмыс істеу қабілетіне сенімді болмасаңыз, оны пайдаланбаңыз.
- Аспапты іске қосар әр кезде оны қарап тексеріп шығыңыз. Егер аспап немесе желілік сым зақымдалған болса, аспапты ешқашан розеткаға қоспаңыз.
- Егер зақымданудың көзге көрінетін белгілері болса, құлағаннан кейін аспапты пайдаланбау дұрыс болады. Аспапты кейінгіде пайдаланар алдында ол білікті маманмен тексерілуі керек.
- Осы аспап денелік, жүйкелік немесе психикалық ауытқулары немесе тәжірибе мен білімнің жеткіліксіздігі бар адамдардың (балаларды қоса алғанда) пайдалануына арналмаған, мұндай адамдарға қадағалау жүзеге асырылатын немесе олардың қауіпсіздігіне жауап беретін адамның осы құралды пайдалануына қатысты оларға нұсқау беретін жағдайларды қоспағанда. Балалардың құралмен ойнауына жол бермеу мақсатында қадағалауды жүзеге асыру қажет.
- Аспапты қараусыз қалдырмаңыз. Аспапты балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Аспапты ванналар, шұңғылшалар немесе сумен толтырылған басқа ыдыстар маңында пайдаланбаңыз. Аспап суға құлаған жағдайда оны дереу желіден ажыратыңыз. Бұл ретте қолдарыңызды ешқашан суға батырмаңыз. Қайта пайдаланар алдында, аспап білікті маман тарапынан тексерілуі керек.

- Аспапты үй-жайлардан тыс пайдаланбаңыз. Аспапты ыстықтан, тура күн сәулелерінен, үшкір бұрыштарға соғылуынан, ылғалдан (ешбір жағдайда сапапты суға немесе басқа сұйықтыққа батырмаңыз) сақтаңыз. Аспапқа дымқыл қолыңызды тигізбеңіз. Аспапқа су тиген кезде, оны бірден желіден өшіріңіз.
- Аспапта көрсетілген кернеу желі кернеуіне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Аспапты тек айнымалы ток көзіне (~) қосыңыз. Қосар алдында желінің параметрлері аспап сипаттамасында берлігендерге сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Аспап тек қана жерге тұйықталуы бар желіге қосылуы мүмкін. Сіздің қауіпсіздігіңізді қамтамасыз ету үшін, жерге тұйықтау белгіленген электр техникалық нормаларға сәйкес келуі тиіс. Стандартты емес қуат көздерін немесе қосу аспаптарын пайдаланбаңыз. Ұзартқышты (ұшайырды, ұластырғышты) пайдаланғанда оларда жерге тұйықтау түйіспесі бар екеніне көз жеткізіңіз.
- **Кез келген қате қосу Сізді кепілді қызмет көрсету құқығынан айырады.**

- Пайдалану аяқталғаннан кейін, керек-жарақтарды орнатқан немесе шешіп алған, тазалаған кезде немесе аспап сынған жағдайда оны ылғи желіден ажыратып қойыңыз.
- Жазатайым оқиғаларға немесе аспаптың бұзылуына әкелуі мүмкін болатын желінің артық жүктелуіне жол бермеңіз. Бұл үшін жалғастырғыш тетіктерді пайдаланумен дәл сол розеткаға басқа аспаптарды қоспаңыз. Ұзартқышты пайдаланар алдында, оның бұзылмағанына көз жеткізіңіз.
- Аспапты желілік баусымынан ұстап тасымалдауға болмайды. Сондай-ақ аспапты желілік баусымынан ұстап, оны желіден ажыратуға тыйым салынады. Аспапты желіден ажыратқанда оны ашалық айырынан ұстаңыз.
- Электр тогынан соққы алуға жол бермеу үшін аспапты қосқанда немесе сөндіргенде, желілік баусым айырының металл бөліктеріне қол тигізбеңіз.
- Пайдаланғаннан кейін электр қорек баусымын ешқашан аспапты айналдыра орамаңыз, өйткені уақыт өте бұл сымның сынуына әкелуі мүмкін. Сақтау кезінде сымды әрдайым тегіс етіп түзетіңіз.
- Сымды ауыстыруды тек білікті мамандар - сервистік орталықтың қызметкерлері жүзеге асыра алады. Біліксіз жөндеу пайдаланушы үшін тікелей қауіп төндіреді.
- Аспапқа берілетін кепілдіктің сақталуы үшін және техникалық мәселелерге жол бермеу үшін, аспапты өз бетінше бөлшектеуге және жөндеуге тырыспаңыз. Жөндеу тек қана сервистік орталығының білікті мамандарымен жүргізілуі тиіс.
- Аспапты жөндеу үшін тек түпнұсқа қосалқы бөлшектер пайдаланылуы мүмкін.
- Егер зақымданудың көзге көрінетін белгілері болса, құлағаннан кейін аспапты пайдаланбау дұрыс болады. Пайдаланар алдында аспапты білікті маман тексеруі тиіс.



Назар аударыңыз! Пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін аспапты тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Оны одан әрі кәдеге жаратуға арналған мамандырылған пунктке тапсырыңыз. Сіз осы арқылы қоршаған ортаны қорғауға көмектесе аласыз.



Назар аударыңыз! Кез келген сипаттағы ақаулықтар пайда болғанда POLARIS Авторизацияланған сервистік орталығына хабарласыңыз.



Аспапты үй-жайлардан тыс пайдаланбаңыз



Аспапқа дымқыл қолыңызды тигізбеңіз!



Желілік баусымынан ұстап аспапты тасымалдауға болмайды



Аспапқа өз бетінше жөндеу жүргізбеңіз!

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

PGS 2250VA X-Steam PRO WIFI IQ Home – POLARIS сауда маркасының тұрмыстық электрлік тік буландырғышы
Кернеуі: 220 – 240 В
Жиілігі: ~50 Гц
Қуаты: 2600-3100 Вт
Қорғау сыныбы – I.

Ескертпе: *Өзгерістер мен жақсартуларды енгізудің үздіксіз процесінің салдарынан нұсқаулық пен өнім арасында кейбір айырмашылықтар байқалуы мүмкін. Пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың өзекті нұсқасын Сіз www.polaris.ru сайтынан таба аласыз.*

СЕРТИФИКАТТАУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Өнім "Төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы" КО ТР 004/2011, "Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі" КО ТР 020/2011, "Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы" ЕАЭО ТР 037/2016 талаптарына сәйкестігін растау рәсімінен өтті және Кеден одағына мүше мемлекеттердің нарығында өнім айналымының бірыңғай белгісімен таңбаланады.
Сәйкестік сертификатының/декларациясының нөмірі және оның қолданылу мерзімі туралы ақпаратты Сіз POLARIS бұйымын сатып алған жерде немесе өндірушінің Уәкілетті өкілінен ала аласыз.

Бұйымның қызмет ету мерзімі: 3 жыл
Бұйымға берілетін кепілдік мерзімі: 3 жыл
Дайындалған күні бұйымның артқы қабырғасындағы паспорттық сәйкестендіру тақтайшасында көрсетілген
Өткізу ережелері белгіленбеген.
Дайындаушы:
NINGBO HANSFORT OVERSEAS ASIA LIMITED,
No. 158 Dongshan Lu, Hushan Jiedao, Cixi City, Zhejiang Province, PRC
at factory NINGBO HAOJIA ELECTRICAL APPLIANCE CO., LTD
No.58 Jiyixiang Road, Langxia Street, Yuyao City, Ningbo City, Zhejiang Province, China

НИНБО ХЭНСФОРТ ОВЕРСИЗ ЭЙША ЛИМИТЕД,
№ 158 Доншан Лю, Хушан Чжидао, Цыси, Чжэцзян Провинциясы, ҚХР
НИНБО ХАОДЖИА ЭЛЕКТРИКАЛ АППЛАЙАНСЕ КО., ЛТД зауытында
№.58 Джиисян Роуд, Лансья көшесі, Юяо Сити, Нинбо, Чжэцзян провинциясы, Қытай
Қытайда өндірілген.
Импорттаушы және өндірушінің РФ-дағы және Кеден Одағы мүше мемлекеттеріндегі Уәкілетті өкілі:
"ЭйДжиАй Электроникс" ЖШҚ, Ресей, 115419, Мәскеу қ., Орджоникидзе көшесі, 11-үй, 3-құрылыс, 4-қабат, I-үй-жай, 13-бөлме.
Бірыңғай анықтамалық қызметтің телефоны 8-800-700-11-78
Authorized representative of the manufacturer in EU:
JSC “HTV1”, Švitrigailos g. 11 A, Vilnius, LT-03228

КЕПІЛДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Бұйым: Киімге арналған тік буландырғыш
Модель: PGS 2250VA X-Steam PRO WIFI IQ Home

Осы кепілдік бұйымды сатып алудың расталған күнінен бастап 36 ай бойы әрекет етеді және «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Кедендік одақтың мүше мемлекеттерінің Заңына сәйкес бұйымға кепілдік қызмет көрсетілуін білдіреді.

1. Өндірушінің кепілдік міндеттемелері «POLARIS» сауда белгісімен шығарылатын және кепілдік қызмет көрсету ұсынылатын елдерде өндіруші уәкілетті еткен елдерде сатып алынған барлық модельдерге таралады (сатып алу орнына тәуелсіз).
2. Бұйым пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа және қауіпсіздік жөніндегі ережелер мен талаптарды сақтауға қатаң сәйкестікте пайдаланылуы тиіс.
3. Осы кепілдік тауарды тұтынушыға бергеннен кейін пайда болған келесі кемшіліктерге қатысты болмайды:
    - Химиялық, механикалық немесе өзге де әсер ету, бөгде заттардың, сұйықтықтардың, жәндіктердің және олардың тіршілік ету өнімдерінің бұйымның ішіне түсуі;
    - Бұйымды тікелей мақсаты бойынша пайдаланбаудан тұратын дұрыс пайдаланбау, сондай-ақ Пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың және қауіпсіздік техникасы қағидаларының талаптарын бұза отырып, бұйымды орнату және пайдалану;
    - Құрамында минералды заттар көп мөлшерде болатын суды пайдалану салдарынан әк шөгіндісі, су тасы мен қақ шөгінділері.
    - Бұйымды өзі тағайындалмаған мақсаттарда пайдалану;
    - Қалыпты пайдалану, сонымен қатар функционалдық қасиеттеріне әсер етпейтін: сыртқы немесе ішкі бетінің механикалық зақымдануы (майысулар, сызаттар, ескірулер), металл түсінің табиғи өзгеруі, оның ішінде құбылмалы және қара дақтардың пайда болуы, сондай-ақ жабынды зақымдалған жерлерде және металдың жабылмаған учаскелерінде металл жемірілуі;
    - Өңдеу бөлшектерінің, шамдардың, батареялардың, қорғаныс экрандарының, қоқыс жинағыштардың, белбеулердің, щеткалардың және пайдалану мерзімі шектеулі өзге де бөлшектердің тозуы;
    - Авторландырылған сервистік орталықтар* болып табылмайтын тұлғалар немесе ұйымдар өндірген бұйымды жөндеуі;
    - Уәкілетті сервистік орталықтар болып табылмайтын адамдар немесе ұйымдар жүргізген бұйымды жөндеу*;
4. Егер бұйымда паспорттық сәйкестендіру тақтайшасы болмаса немесе ондағы деректер өшірілген немесе түзетілген болса, өндіруішге кепілдікті міндеттеме жүктелмейді.
5. Бұл кепілдік тек жеке тұрмыстық қажеттіліктерге арналған бұйымдарға жарамды және коммерциялық, өнеркәсіптік немесе кәсіби мақсаттарға пайдаланылатын бұйымдарға қолданылмайды.

Назар аударыңыз! Дайындаушы POLARIS бұйымымен адамдарға, үй жануарларына, қоршаған ортаға тікелей немесе жанама келтірілген зиян немесе егер бұл бұйымды пайдалану және орнату ережелерін немесе шарттарын сақтамау, тұтынушының немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе абайсыз әрекеттері нәтижесінде болған жағдайда мүлікке келтірілген зиян үшін жауапты болмайды.

POLARIS өнімдеріне техникалық қызмет көрсетуге, сапаны тексеруге, кепілдікті және кепілдіктен кейінгі жөндеуге байланысты барлық сұрақтар бойынша жақын маңдағы авторландырылған POLARIS сервистік орталығына немесе сатушы – авторландырылған POLARIS дилеріне хабарласыңыз

POLARIS бұйымдарын кепілдікті жөндеуді тек қана POLARIS авторландырылған сервистік орталықтары жүзеге асырады.

*Компанияның сайтындағы авторландырылған сервистік орталықтардың мекенжайлары: www.polaris.ru
Кепілдікті жөндеу кезінде бұйымның сатып алынған күнін растау немесе заңда көзделген өзге де талаптарды қою үшін, сатып алу туралы құжаттарды сақтауды сұраймыз.

Мұндай құжаттарға толтырылған POLARIS кепілдік талоны, Сатушының кассалық чегі немесе түбіртегі, сатып алу күні мен орнын растайтын өзге де құжаттар жатады.

Бұйымның сатып алынған күнін растайтын құжат ұсынылмаған жағдайда, кепілдік мерзімі бұйым жасалған күннен бастап есептеледі.
Дайындалған күні бұйымның артқы қабырғасындағы паспорттық сәйкестендіру тақтайшасында көрсетілген